

«Автомотив Ассистанс Альянс» ЖШС  
Бас директордың Х.А.Дзауровтың  
09.12.2024 ж. № 06-ААА-1224  
бұйрығымен бекітілген

## ОФЕРТА ШАРТЫ

Осы Оферта шарты «Автомотив Ассистанс Альянс» ЖШС -нің (бұдан әрі – «Компания») әрекетке қабілеттілігі мен қажетті өкілеттіктері бар кез келген жеке тұлғаның атына осы Шартта белгіленген шарттармен және тәртіппен Компаниямен Оферта шартын (бұдан әрі «Оферта шарты») жасасуға ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және қызмет көрсетудің барлық елеулі шарттары мен тәртібін қамтиды.

## ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Оферта шартында мынадай терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

**Қызметтер** - Компания мен Компанияның Серіктестері Клиенттерге Жазылым шеңберінде осы Оферта шартында айқындалған көлемде және шарттарда көрсететін қызметтер.

**Акцепт**– осы Шарттың 2-бөлімінде көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы Клиенттің Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы.

**Шарт**– Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тaraуында белгіленген тәртіппен осы Оферта шартында көзделген талаптармен жасалған Клиент пен Компания арасындағы келісім.

**Клиент**– осы Шартқа сәйкес Жазылымға қатысатын Автомобильді занды негізде иеленетін және/немесе пайдаланатын әрекетке қабілетті жеке тұлға.

**Компания** – «Автомотив Ассистанс Альянс» жаупкершілігі шектеулі Серіктестігі.

**Тараптар**– Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тaraуында және осы Шартта көзделген негіздер бойынша осы Оферта шартын жасасқан Компания, Клиент.

### Автомобиль:

- 1) осы Шартқа сәйкес жазылымға қатысатын рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3,5 тоннадан аспайтын жүргізуіні есептегендеге сыйымдылығы 2-ден 8 адамға дейінгі жолаушылар мен бағажды тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль, оның ішінде электромобилдер (электр қозғалтқышымен жарақтандырылған көлік құралы);
- 2) жеңіл коммерциялық көліктерге салмағы 4,0 тоннадан аспайтын немесе жүргізуіні қоспағандағы орын саны 16-дан аспайтын көлік құралдары жатады. Жеңіл коммерциялық көліктерге мыналар жатады: пикаптар, борттық жүк көліктері (жүк көтергіштігі 1500 кг-нан аспайтын), фургондар (толық жабық жүк бөлімі бар), осы Шартқа сәйкес Жазылымға қатысатын шағын автобустар.

**Эвакуатор**– Компанияға немесе Компанияның әріптесіне тиесілі, техникалық және конструкциялық жағынан осы мамандандырылған автокөлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қолданыстағы заңнаманың талаптарында белгіленген

тәртіппен толық немесе ішінара тиуемесе сүйрету арқылы басқа көлік құралдарын тиеге, түсіруге және тасымалдауға арналған мамандандырылған автокөлік құралы. Осы Шарттың мақсатында әвакuatorларға техникалық көлік құралдары теңестірілуі мүмкін.

**ЖКО** – Жол-көлік оқиғасы.

**Қызмет көрсету** – Компанияның және/немесе Компанияның Әріптестерінің Жазылу шеңберінде Қызметтер көрсетуі, Қызмет көрсету Автомобиль Жолда болған кезде қатаң жүзеге асырылады.

**Қызмет көрсету аумағы** - осы Оферта шартының 8.3-тармағында аталған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы қалаларының аумақтары және Жазылым түріне байланысты қашықтықта.

**Жолдар** - Қызмет көрсету аумақтарында орналасқан, жайластырылған немесе бейімделген және көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын жер белдеулері не жасанды құрылыштың беті. Жолдар бір немесе бірнеше жолдарды, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бар болса, бөлү жолақтарын қамтиды.

**Жазылым** - Сервис және/немесе Мобильді қосымша арқылы Жазылымның қолданылу мерзімі ішінде осы Шартта айқындалған көлемде және талаптарда үшінші тұлғаларды тарта отырып, Компания шектеулі уақыт аралығы ішінде Клиентке оның Автомобиліне қатысты көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі бағдарлама.

**Жеке кабинет** - Клиенттің дербес деректерін, оның логині мен паролін, сондай-ақ Жазылым қызметтерін көрсету үшін қажетті және Компанияның қалауы бойынша айқындалатын өзге де ақпаратты қамтитын Сервистің және/немесе мобильді қосымшаның деректер базасындағы Клиенттің есептік жазбасы.

**Мобильді қосымша** – бұл қызмет көрсетуге арналған функционалдылық жиынтығы болып табылатын iOS және Android платформаларындағы "Жол бойындағы көмек" мобильді қосымшасы.

**Сервис** – Компанияның Қызметтерге тапсырыс беруге арналған <https://3a.com.kz> мекенжайында орналасқан веб-платформасы.

**ҚР** – Қазақстан Республикасының аумағы.

**Жазылым түрі** – осы Оферта шартының 1-қосымшасында келтірілген Жазылым түрлерінің бірі.

**Жазылым қолданысының мерзімі** – 12(он екі)/24 (жиырма төрт)/36 (отыз алты)/48 (қырық сегіз)/60 (алпыс) күнтізбелік ай, Клиенттің қалауы бойынша, Компания Клиентке Қызмет көрсететін осы Оферта шартының талаптарына сәйкес Жазылымға рұқсат берілген сәттен бастап. Жазылым әрекеті белгілі бір Клиент үшін Жазылымның соңғы күні 23 сағат 59 минутта аяқталады.

**Байланыс орталығы** – Қазақстан Республикасы: 2470, Қырғыз Республикасы: 0-800-800-99-99 телефон нөмірлері бойынша жүгінген жағдайда Клиенттерге Қызмет

көрсетуді ұйымдастыратын, тәулік бойы және жыл бойы жұмыс істейтін Компания қызметі.

**Серіктестер** – осы Шарттың және олармен Компания жасасатын Шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Компанияның Серіктестік желісінің ұйымдары. Осы Шартты орындау кезінде Серіктестердің әрекеттері үшін Компания жаупты болады.

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер достастығына кіретін елдердің аумағы.

**СО** - сервис орталығы.

## 1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Компания Клиенттің осы Офертаның Акцепті негізінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиентпен төменде жазылған шарттарда шарт жасасады.
- 1.2. Клиент пен Компания арасындағы Шарт ҚР аумағында әрекет етеді (Жазылымның түріне байланысты); эвакуация немесе техникалық көмек қызметтері осы Оферта шартының 8.3-тармағында атап айтылған қалаларда, сондай-ақ, қарулы қақтығыстардың, соғыстардың, төтенше жағдайлардың аумақтарын қоспағанда, Жазылым түріне байланыста қашықтықта көрсетіледі.
- 1.3. Компания осы Оферта шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда Компанияның Әріптестермен жасасқан шарттары негізінде женілдіктер мен өзге де осындай артықшылықтар алуға қызмет көрсетеді және жәрдемдеседі.
- 1.4. Осы Шарт бойынша тараптардың құқықтық қатынастарын қозғайтын ҚР Заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, олар занды күшіне енген сәттен бастап жаңадан қабылданған нормативтік актілерге сәйкес келтірілуі тиіс. Осы Оферта шартта айтылмаған шарттары ҚР заңнамасымен реттеледі.
- 1.5. Акцепт толық және сөзсіз болып табылады, яғни, Компания Клиенттің Жазылымды занды турде сатып алу және Клиенттің Компания қызметтері үшін алдын ала 100% төлеу фактісі толық және сөзсіз акцепт болып табылады, тұлға осы Оферта шартының және оған барлық қосымшалардың шарттарымен және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес танысқан деп есептелеңтін білдіретін осы офертаның барлық шарттарын қабылдау арқылы және осы жария оферта шарттарына сәйкес Компаниямен шарттық қатынастарға түсken тұлға ретінде қаралады.
- 1.6. Клиент осы Оферта шартының талаптарымен келісе отырып, Клиентке Қызметтер көрсетудің нақты мүмкіндігін ұсыну жөніндегі міндеттеме тиісті Әріптеске жүктелуі мүмкін екенін түсінеді және қабылдайды.
- 1.7. Тараптар осы Оферта шарты бойынша Клиент онда жазылған шарттарға қандай да бір ерекшеліктер мен ескертулесіз қосылатынын мойындейды.
- 1.8. Компанияның Клиенттерге алдын ала хабарламастан осы Оферта шартына өзгерістер енгізуге құқығы бар. Өзгерістер олар Сервисте және/немесе Мобильді қосымшада жарияланғаннан кейін күшіне енеді және Клиенттің жарияланғаннан кейін жасалған Сервистегі кез келген әрекетіне қолданылады.

## 2. ОФЕРТА ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

- 2.1. Осы Оферта шартына сәйкес Компания Клиенттің тапсырмасы бойынша оған қызметтер көрсетуге (белгілі бір іс-әрекеттер жасауға немесе белгілі бір

- қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал Клиент осы Шарттың талаптарымен осы Қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.
- 2.2. Жазылымның құны және Жазылымның қолданылу мерзімі Сервисте/МобиЛЬДІ қосымшада және (немесе) Компанияның өзге құжаттарында көрсетіледі.
- 2.3. Егер осы Шарттың басқа тармақтарында өзгеше тәртіп ескертілмесе, Акцепті қабылдау тәртібі келсідей болады:
- 2.3.1. Клиент тіркеу рәсімінен өтеді және осы Шарттың және оған Қосымшалардың талаптарымен, Жазылым шеңберінде қолжетімді Қызметтер туралы ақпаратпен және Жазылым шеңберінде алуға болатын ұсыну шарттарымен, сондай-ақ, Жазылым құны туралы және Сервисте және (немесе) МобиЛЬДІ қосымшада орналастырылған Жазылымның қолданылу кезеңі туралы ақпаратпен танысады;
- 2.3.2. Клиент банк картасын және/немесе электрондық төлем құралын авторизациялау және өзінің Жеке кабинетіне байланыстыру рәсімдерінен өтеді. Осы Оферта шарттың мақсаттары үшін Жеке кабинетке байланыстырылған кез келген банк картасы және/немесе электрондық төлем құралы (оның ішінде Жазылымды ресімдеу кезінде оны ресімдегенге дейін немесе оны ресімдегеннен кейін байланыстырылған) Байланған карта болып есептеледі.
- 2.3.3. 2.3.1.-2.3.2-тармақтарда көрсетілген іс-әрекеттерді жасағаннан кейін Клиент Сервистегі/МобиЛЬДІ қосымшадағы немесе осы Оферта шарттың 5-бөліміндегі нұсқаулықтарға сәйкес Жазылым құнын төлеу арқылы Акцепті жүзеге асырады.
- 2.3.4. Жазылымға қолжетімділік Клиент **Сервиске, МобиЛЬДІ қосымшага** Жазылымның құнын төлеген сәттен бастап толық көлемде Жазылымның қолданылу мерзіміне немесе Компанияның төлемдерді есепке алу жүйесінде төлеу фактісі көрсетілген жағдайда **осы Шарттың 5-бөлімінде көзделген тәртіппен** Клиентке берілген болып есептеледі.

### **3. ОФЕРТА ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ОФЕРТА ШАРТТЫҢ КУШІНЕ ЕНУІ. ОФЕРТА ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ.**

- 3.1. Компанияның Клиентке қатысты қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттері Қызмет көрсету басталған күннен бастап туынтайтының мерзімінде немесе Компанияның төлемдерді есепке алу жүйесінде төлеу фактісі көрсетілген жағдайда осы Шарттың 5-бөлімінде көзделген тәртіппен Клиентке берілген болып есептеледі.
- 3.2. Нақты Клиентке қатысты Оферта шарттың қолданылуы ол қосылған Жазылымның қолданылу мерзімінің соңғы күнінің 23 сағат 59 минутында аяқталады. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде Клиент тарапынан Шарт бойынша жазбаша қарсылықтар болмаған кезде, осы Шарттың 1-қосымшасында көзделген қызметтер Компания тиісінше көрсеткен және Клиент қабылдаған болып есептеледі. Оферта шарты бойынша Тараптардың міндеттемелері Оферта шарттың қолданылуы аяқталған сәттен бастап тоқтатылады.
- 3.3. Жазылым қосылымы ерікті болып табылады, жазылым іске қосылғаннан кейін қосылу құны қайтарылмайды.

### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

- 4.1. Клиент құқылы:
- Осы Оферта шарттың шеңберінде қызмет көрсетілетін АвтомобиЛЬДІ, оның есептік деректерін Компания базасына қосымша төлемсіз енгізе отырып, бір рет өзгертуге. Компания базасына өзгертилген Автомобиль туралы деректерді енгізу рәсімін Клиент өзінің аты-жөнін, телефонының байланыс нөмірін, email, VIN нөмірін және АвтомобиЛЬДІң тіркеу нөмірін,

автомобильдің орналасқан қаласын хабарлай отырып, *Байланыс орталығы* арқылы немесе *Сервис/МобиЛЬДІ қосымша арқылы* жүзеге асырады. Өзгертілген Автомобильге қатысты қызметтерді Компания немесе Өріптестер Клиент Компанияның деректер базасындағы есептік деректерді өзгертуен сәттен бастап 72 сағаттан кейін көрсетуі мүмкін.

- Компанияның қызметтеріне тапсырыс беруге, сатып алуға және пайдалануға, анықтамалық-кеңесшілік ақпарат алуға.
- Компанияның қызметкерлері және/немесе Өріптестері көрсеткен жұмыстардың, анықтамалық-кеңесшілік ақпараттың барлық кемшіліктері туралы Компанияға хабарлауға.
- Осы Шарттың 3.3.2-тармағын ескере отырып, осы Оферта шарты бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты Компания нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда, Клиент кез келген уақытта Оферта шартын орындаудан бас тартуға құқылышы.

#### 4.2. Клиент міндетті:

- Оферта шартының 6.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Компанияның және Компания ұсынған анықтамалық-кеңесшілік ақпаратқа, олардың жемістері мен нәтижелеріне жеке тапсырыс беруге, сатып алуға және пайдалануға.
- Осы Оферта шартының 6.2-тармағында көзделген тәртіппен қызмет көрсету кезінде Компанияға және/немесе Өріптеске хабарланатын есептік ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге.
- Қызметке және/немесе жұмысқа тапсырыс беру кезінде Компанияға және/немесе Өріптеске тапсырыс берілетін қызметтердің немесе жұмыстардың сипаттамалары туралы, сондай-ақ, оларды алушың қажетті орны туралы толық және дұрыс ақпаратты хабарлауға.
- Осы Оферта шартында көзделген жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету алдында Компания және/немесе Өріптес өкіліне жеке басын күеландыратын құжатты, АвтомобиЛЬДІ тіркеу туралы күелікті, осы АвтомобиЛЬДІ иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге.
- Орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемі мен сапасын уақытылы тексеруге және осы Оферта шартында көзделген тәртіппен орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдауға.
- Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Компанияның және/немесе Өріптестің өкілдері ресімдейтін барлық құжаттарға қол қою. Жұмыс аяқталғаннан кейін ресімделетін құжаттардағы деректермен келіспеген немесе қызметтердің сапасына қанағаттанбаған кезде, бұл туралы дереу Компанияға хабарлауға, Байланыс орталығы арқылы және/немесе ресімделетін құжаттарда өз қарсылықтарын жазбаша баяндауға.
- Компания өкілдері, сондай-ақ, Өріптестер көрсететін қызметтерге қатысты берген барлық ұсынымдарды орындауға.
- Компанияға АвтомобиЛЬДІ есептік деректеріндегі барлық өзгерістер туралы есептік деректер өзгерген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға. Клиент бұл міндетті белгіленген мерзімде орындаған жағдайда, есептік деректер дұрыс деп есептеледі және Компания көрсетілген есептік деректердің нақты ақпаратқа сәйкес келмеуінің салдары үшін жауап бермейді.
- Есепке алу ақпаратында көрсетілген АвтомобиЛЬДІ жарамды күйде ұстауға, АвтомобиЛЬДІ зиян келтіруді болдырмау мақсатында сақтық шарапарын қабылдауға.
- Осы Оферта шарттың талаптарын орындауға.

#### 4.3. Компания құқылышы:

- Жазылымның шарттарында көзделген қызметтерді өз күшімен де, Әріптердің күшімен де және олардың есебінен де орындауға.
- Клиент берген ақпаратты, сондай-ақ, Клиенттің осы Шарттың талаптарын орындаудың тексеруге.
- Клиенттің зақымдалған автомобилін қарауға және тексеруге.
- Осы Оферта Шартына 1-қосымшаның 7 және 8-тармақтарына сәйкес Компанияның Клиентіне Қызметтер көрсетуден және жұмыстарды орындаудан бас тартуға.
- Клиент осы Оферта шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Оферта шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға.
- Компанияның клиентіне қызмет көрсетуден, анықтамалық-кеңесшілік ақпарат беруден келесі жағдайларда толық немесе ішінara бас тартуға:
  - Жазылымға қосылу кезінде Клиент хабарлаған Автомобильдің есептік деректерінің (VIN-нөмірі және тіркеу нөмірі) Компанияның қызметтеріне тапсырыс беру, сатып алу және/немесе алу кезінде, Клиент хабарлаған және/немесе ұсынған тиісті есептік деректерге сәйкес келмеуі, сол сияқты қызметтерге тапсырыс беру кезінде, Компанияға осындай қызметтердің қажетті сипаттамалары туралы немесе қызметтерді алу көлемі, орны және уақыты туралы Компанияға және/немесе Әріптеске ұсынылған ақпараттың шындығына сәйкес келмеуі.
  - Осы Оферта шартының 4.1-тармағына сәйкес Клиент Жазылымға қосылған кезде хабарлаған/Клиент өзгерктен есептік деректерде көрсетілгеннен ғері, Клиенттің және/немесе Клиенттің атынан және/немесе Клиенттің тапсырмасы бойынша өзге автомобилге қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді орындау (өзге де тану тіркеу белгілерімен, сәйкестендіру нөмірлерімен және сол сияқты біліктілік белгілерімен) Тапсырыс берушінің және/немесе үшінші тұлғаның тапсырыс беруі.
  - Клиенттің осы Оферта шартының талаптарын бұзуы.
  - Егер тапсырыс беру немесе қызметтерді сатып алу қажеттілігі Клиенттің құқыққа қарсы мүдделерінен туындаса, сондай-ақ, оларды орындау Компанияның қолданыстағы заңнаманың талаптарын, қоғамда қабылданған адамгершілік пен мораль нормаларын бұзу қажеттілігіне тікелей және/немесе іс жүзінде байланысты болған жағдайларда.
  - Егер Клиент Қызметті алу кезінде немесе оны көрсету кезінде Компания өкілін және/немесе Серіктесті балағаттап, әдепсіз сөздер айтса, әдепсіз сөздерді пайдаланса.

#### 4.4. Компания міндетті:

- Клиентке Компанияның сайтында және (немесе) Сервисте/МобиЛЬді қосымшада орналастыру жолымен осы Оферта шартын жасасу алдында онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.
- Клиентке осы Шарттың талаптарына, қолданыстағы заңнамага және әдеттегі іскерлік айналым жағдайында, осындай қызметтерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін көлемде, тәртіппен және сапада қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге.
- Осы Оферта шартында және қолданыстағы заңнамада көзделген негізде және тәртіппен өзге де қызметтерді көрсетуге.
- Қандай да бір жағдайларда Компанияға жүгіну үшін ұсынуға қажетті құжаттардың тізбесін Клиентке хабарлауға.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент туралы мәліметтерді жария етпеуге. Компания Клиент туралы мәліметтерді өзінің Әріптестеріне осы Оферта шартында көзделген шарттарда, көлемде және тәртіппен хабарлау құқығын өзіне қалдырады.
- Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасауға.
- Тараптардың өзара келісіміне қол жеткізген кезде немесе соттың шешімі бойынша Клиентке осы Оферта шарты бойынша қызметтерді орындау кезінде, Клиентпен Жазылымға қосқан Автомобилъге келтірілген залал сомасын өтеуге.

## **5. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**

5.1. Егер шектелмеген адамдар тобының назарына жеткізілген прейскуантта өзгеше белгіленбесе, осы Шартта көзделген тәртіппен Жазылымға қосылған кезде Клиент төлеген сома, Клиент пен Компания арасындағы Оферта шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда, Клиентпен ресімделетін құжаттарда немесе Сервисте/Мобильді қосымшада көрсетілген Жазылымның ұсынылған құнына теңестіріледі және өзіне сыйақыны, Компанияның барлық шығыстары мен шығындарын қамтиды.

5.2. Компания жарғылық қызмет шеңберінде жүзеге асыратын және осы Шарттың 2-бөлімінде көзделмеген өзге де қызметтер мен іс-шаралардың құнын және оларды көрсету тәртібін Компания сайтында орналастырылатын прейскуант түрінде Компания белгілейді. Компания Клиентті қосымша хабардар етпей, сайтқа орналастыра отырып, прейскуантты біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

5.3. Қызмет көрсету аймағы аумағынан тыс анықтамалық-кеңесшілік қызметтерді, сондай-ақ, осы Оферта шартының 1-қосымшаға сәйкес тізбеге кірмейтін қосымша қызметтерді немесе қосымша қызметтер санын қоспағанда, Клиент қызметтерге Тапсырыс берген/жұмыстарды орындаған жағдайда, Жазылымды толтыру шеңберінде қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша жұмыстар жүргізу қажет болған жағдайда, қызмет алу үшін компанияға жүгінген кезде қолданылатын прейскуантты негізге ала отырып, Клиент Компанияның қызметтеріне ақы төлейді.

5.4. Осы Оферта шарты бойынша барлық есеп айырысулар теңгемен жүргізіледі.

## **6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР**

6.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 438-бабына сәйкес Тараптар осы Оферта шартының 5-бөлімінде көрсетілген Қызметтердің құнын төлеуі Клиенттің осы жария офертаның толық, сөзсіз және анық білдірген акцепті болып табылады деп уағдаласты.

6.2. Жазылымға қосылған кезде Клиент Компания және/немесе Әріптес өкілінің жазбаша өтінішін немесе Сервис/Мобильді қосымша арқылы Жазылымға/Шартқа қосылу туралы электрондық өтінішін толтыруға және оған қол қоюға міндettі.

6.3. Клиенттің Автомобилдің есептік деректерін (VIN-нөмірін) хабарламауы, сол сияқты Клиенттің кінәсінен олардың дұрыс хабарламауы Компанияның жұмыстарды орындаудын және осы Оферта шартында көзделген басымдықтарды беруден бас тартуына әкеп соғады.

6.4. Тараптар Компания мен Клиент арасындағы Оферта шарты Компания өкіліне және/немесе оның Әріптесіне Жазылымға қосылуға Клиенттің ерік білдіруі және оның Жазылымға қосылу құнын төлеу міндеті қамтылған құжаттарды тапсыру жолымен Компанияның жария оферта акцепті сәтінен бастап немесе осы Оферта шартының 2.3-тармағына сәйкес жасалған болып есептеледі деп уағдаласты.

6.5. Тараптар Компания мен Клиент арасындағы Оферта шарты осы Оферта шартының 3-бөлімінде көзделген жағдайларда тоқтатылады деп уағдаласты.

6.6. Оферта шартының қолданылу кезеңінде Тараптармен осы Оферта шартын жасасу кезінде туындаған мән-жайлардың елеулі өзгеруі орын алса, бұл мән-жайлар соншалықты өзгерген болса, егер мұндай өзгерістерді алдын ала болжауға болатын болса, осы Шарт бойынша келісілген шарттардан айтартлықтай ерекшеленетін шарттармен жасалған немесе жасалмаған болса, Тараптар Оферта шартын Тараптармен мерзімінен бұрын немесе сот шешімі бойынша бұзылуы мүмкін деп уағдаласты.

6.7. Тараптар осы Шарттың шеңберінде жазбаша жасалған, электрондық, телефон және өзге де байланыс құралдары арқылы жіберілген және/немесе алынған, сондай-ақ, Сервис/МобиЛЬДІ қосымша арқылы берілген ескертулер, хабарламалар, өтініштер және Тараптар арасындағы өзге де мүмкін болатын хат алмасулар тең дәрежеде тиісті деп танылады деп уағдаласты. Қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS-хабарламалар) қызметтерін пайдалану кезінде оларды осындай хабарламаларды қабылдауға/беруге арналған құрылғыларға беру кезінде бұл ереже Компания тарапынан жіберілген хабарламалар үшін ғана қолданылады. Компания осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен Жазылымға қосылған кезде, Клиент хабарлаған ақпаратты өз мақсаттары үшін ақылға қонымды және адал пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

6.8. Тараптар Компанияның қызметтері Компанияда сақталатын есептік деректерде көрсетілген Автомобильтеге ғана көрсетіледі деп уағдаласты. Автомобиль ауысқан жағдайда, Клиент бұл туралы осындай өзгеріс болған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Компанияға хабарлауға міндетті. Компанияның осы Автомобильтемен қызмет көрсету міндеті есептік деректер өзгерген сәттен бастап 72 сағаттан кейін ғана туындейді. Осындай өзгерістерге Оферта шартының қолданылу мерзімі ішінде бір реттен артық жол берілмейді.

6.9. Тараптар осы Оферта шартына сәйкес Қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау обьектің болып табылмайтын Автомобильтерді есептік деректерде көрсеткен Клиенттердің осы Автомобильтерді шұғыл техникалық көмек және эвакуациялау шеңберінде қызметтер мен жұмыстарды пайдалануға құқығы жоқ деп уағдаласты. Компания осындай Автомобильтерге қатысты көрсетілген қызметтерді көрсетуге, көрсетілген жұмыстарды Клиенттің есебінен техникалық мүмкіндік болған кезде орындауға құқылы.

6.10. Тараптар Компания Клиенттің тарапынан қызметті үш рет теріс пайдаланған жағдайда, сондай-ақ, Клиенттің осындай теріс пайдалануды жасауға үш рет талпынысы кезінде, Компания Клиентпен жасалған Оферта шартын бір жақты тәртіппен бұзуга құқылды деп уағдаласты.

6.11. Тараптар Клиенттің келесі іс-әрекеттерін Клиент тарапынан Компанияның қызметтерін теріс пайдалану деп есептеуге уағдаласты:

- Қызмет көрсету кезінде Клиентке берілген және жазбаларда тіркелген Компанияның ауызша ұсынымдарын осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен үш рет орындаамауы.

- Осы Оферта шартында көзделмеген жағдайларда көлік құралын тасымалдау жөніндегі қызметтерге немесе шұғыл техникалық көмекке тапсырыс.

- Осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен Компанияның жұмыстарды орындауы, қызметтер көрсетуі қажеттілігін көрсеткен кезде техникалық көмек жөніндегі қызметтерге қасақана тапсырыс беруі, сол сияқты Компанияны қасақана алдауы.

- Клиенттің Компанияның жұмыстарды осы Оферта шартында белгіленгеннен өзгеше тәртіппен орындауға бағытталған кез келген қасақана іс-әрекеттері.

6.12. Ешбір жағдайда Компания да, оның өкілдері де Клиент алдында, кез келген үшінші тұлғалар алдында кез келген жанама, кездейсоқ, байқаусызыда көлтірілген зиян үшін, соның ішінде жоғалған пайда немесе жоғалған деректер, Сервисті/МобиЛЬДІ қосымшаны, Сервистің/МобиЛЬДІ қосымшаның мазмұнын пайдалануға байланысты туындаған ар-намысқа, қадір-қасиетке немесе іскерлік беделге көлтірілген зиян үшін, Клиент немесе өзге тұлғалар Сервистің көмегімен қол жеткізген өзге де материалдар, Сервис әкімшілігі/МобиЛЬДІ қосымша тарапынан осындай жағымсыз салдарлардың болуы туралы ескерту болмаған жағдайда да жауапты болмайды.

6.13. Клиентке Сервистің/МобиЛЬДІ қосымшаның құқық иесі болып табылатын Компанияға Клиенттің Сервисте/МобиЛЬДІ қосымшада сілтемелер болуы мүмкін сыртқы ресурстарға баруы және пайдалануы кезінде туындауы мүмкін теріс салдарлар үшін жауап бермейтіні туралы ескертілді.

6.14. Клиент Компания Сервисте/МобиЛЬДІ қосымшада орналастырылатын кез келген ақпаратқа, авторлық құқықтарды тіркеуге және сервисте/мобиЛЬДІ қосымшада орналастырылған ақпарат немесе сыртқы ресурстарға сілтемелерді пайдалана отырып кірген осындай тіркеу туралы мәліметтерге, сыртқы ресурстар немесе Клиенттің өзі кірген өзге де байланыстары арқылы қолжетімді немесе алынған қызметтерге байланысты кез келген ықтимал немесе туындаған залалдарға байланысты Клиент алдында жауап бермейтіндігімен келіседі.

6.15. Компания Клиенттің бағдарламалық-техникалық құралдарындағы Сервис/МобиЛЬДІ қосымшаның жұмысындағы іркілістер, Клиенттің бағдарламалық-техникалық құралдарының ақаулықтары үшін жауапты болмайды.

## **7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**

7.1. Компания мен Клиент арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Егер келіссөздер нәтижеге әкелмесе, онда Қызметтерге наразылығы бар Клиент support@Za.com.kz электрондық поштасына немесе Компанияның орналасқан жеріне наразылық хатын жіберуі тиіс. Компания осындай хатты алған сәттен бастап, күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттің наразылық хатына жауап береді. Клиент Компанияға наразалық хат немесе өзге де өтініш жолдаған кезде жеке күеліктің көшірмесін және шағымның мәнін растайтын басқа да құжаттарды қоса беруге міндетті. Компания Клиенттен талап хатты немесе басқа да шағымды қарау үшін қосымша құжаттарды талап ете алады, Клиент оларды ұсынуға міндетті. Келісімге қол жеткізілмеген кезде, тараптар арасындағы дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компанияның орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі. Сот талқылауының тілі ретінде орыс тілі болады.

7.2. Тараптар Оферта шартында көзделген өз міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер осындай орындауда нақты уақыт кезеңінің нақты жағдайларында еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, оның ішінде төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлардың іс-қимылдарының салдары болып табылған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына, оның ішінде, бірақ мұннымен ғана шектелмей: зілзала, су тасқыны, найзағай соққысы, көшкін, температура, желдің күші және қалыпты тіршілік әрекетін болдырмайтын жауын-шашын деңгейі, билік пен басқару органдарының мораторийі сияқты дүлей сипаттағы құбылыстар, ереуілдер және өзге де осындай жағдайлар жатады.

7.3. Форс-мажорлық жағдайлардың ықпалына түсken Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы өзіне белгілі болған кезден бастап ақылға қонымды мерзімде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

7.4. Компания нақты жеке тұлғалармен байланысты болуы мүмкін Клиент ұсынатын Ақпаратты (бұдан әрі - «Дербес деректер») жинауға, пайдалануға, беруге, сақтауға немесе өзгеше түрде өндеуге (бұдан әрі - «Бірлесіп өндеуге») құқылды. Компания Дербес деректерді қолданыстағы заңнамаға және кәсіби нормаларға сәйкес өндеуге құқылды. Компания әрбір Дербес Деректерді Өндеуші Әріптестерден Компания атынан көрсетілген талаптардың сақталуын талап етеді.

7.5. Клиент сенімді дербес деректерді МобиЛЬДІК қосымшада немесе Сервисте ұсынуға міндеттенеді.

7.6. Компания дербес деректерді қорғауға байланысты ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген талаптарды орындауға міндеттенеді. Компания дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді және уәкілетті емес тұлғалардың дербес деректеріне қол жеткізуі болдырмайтын, оларды қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

7.7. Сервис және/немесе МобиЛЬДІК қосымшаны пайдалана отырып, Клиент келесі мекенжайы бойынша орналасқан Дербес деректерді жинау және өндеу жөніндегі саясатпен танысқанын және онымен келісітінін растайды: <https://3a.com.kz/privacy-policy>. Көрсетілген құжатпен келісім толық және сөзсіз болып табылады.

## 8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Клиент пен Компания арасындағы Оферта шартының барлық талаптары, оның ішінде елеулі шарттар, осы Оферта шартында келтірілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

8.2. Қажетті уақытта осы Оферта шарты қазақ тіліне аударылатын болады. Шарттың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерінің арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

8.3. Осы Шартпен реттелмеген немесе толық реттелмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Осы Оферта шарты шенберінде эвакуациялау немесе техникалық көмек көрсету қызметінің қолданылу аймағы жазылым түріне қарай төменде және қашықтықта көрсетілген Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы қалаларының аумағында ұсынылады:

Қазақстан Республикасы:

Қаланың атауы	Облыс
Алматы	
Астана	
Шымкент	
Ақтөбе	Ақтөбе
Қарағанды	Қарағанды
Тараз	Жамбыл
Өскемен	Шығыс Қазақстан
Павлодар	Павлодар
Атырау	Атырау

Семей	Абай
Қызылорда	Қызылорда
Ақтау	Маңғыстау
Қостанай	Қостанай
Орал	Батыс Қазақстан
Петропавловск	Солтүстік Қазақстан
Түркістан	Түркістан
Көкшетау	Ақмола
Теміртау	Қарағанды
Талдықорған	Жетісу
Екібастұз	Павлодар
Жезқазған	Ұлытау
Балқаш	Қарағанды
Құлсары	Атырау
Сарыагаш	Түркістан
Қонаев	Алматы
Риддер	Шығыс Қазақстан
Аягөз	Абай
Есік	Алматы
Жітіқара	Қостанай
Ұшарал	Жетісу

Қырғыз Республикасы:

Қаланың атауы	Облыс
Балықшы	Ыстық-Көл
Баткен	Баткен
Бишкек	
Джалал-Абад	Джалал-Абад

Қара-Балта	Шу
Қаракөл	Ыстық-Көл
Қызыл-Қия	Баткен
Нарын	Нарын
Ош	
Талас	Талас
Чолпон-Ата	Ыстық-Көл

Компания деректемелері:

«Automotive Assistance Alliance» ЖШС

БСН: 200 740 002 052

Занды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев к-си, 250, 5-б кеңсе

Банк деректемелері:

«Народный Банк Казахстана» АҚ

IBAN (KZT) KZ966018861000968121

SWIFT: HSBKKZKX

KBe 17

**Оферта шартына 1-қосымша**

**ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ  
МЕН ШАРТТАРЫ**

**1. Жазылым түріне сәйкес Қызметтерді толтыру:**

Қызмет / Оқиға	ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ						
	BASIC	CLASSI C	PLU S	VIP	BLAC K	CAR E	PREMI ER
Мультидрайв	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
ЖКО кезінде Автомобильді эвакуациялау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Бұзылған кеzде Автомобильді эвакуациялау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Дөңгелектерді аудыстыру	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Дөңгелектерді үрлеу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Телефон арқылы техникалық кеңес беру	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Телефон арқылы зангердің кеңес беруі	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Аккумулятор заряды таусылған кеzде қозғалтқышты іске қосу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Отын жеткізу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Анықтамалық- ақпараттық қолдау		✓	✓	✓	✓	✓	✓
ЖКО кезінде автоны жолға қайтару		✓	✓	✓	✓	✓	✓
Автомобильді ашу		✓	✓	✓	✓	✓	✓
Автомобильді эвакуациялау кезіндегі трансфер (max.)			✓	✓	✓	✓	✓

5000,00тг немесе 50 км.)							
Компьютерлік диагностика			✓	✓	✓	✓	✓
Құлыптарды қыздыру			✓	✓	✓	✓	✓
Автоны қыздыру			✓	✓	✓	✓	✓
Техникалық сұйықтықтард ы тасымалдау		✓	✓	✓	✓	✓	✓
<b>Автоконсьєр ж:</b> Техникалық тексеруге жазылу		✓	✓	✓	✓	✓	✓
Сервистік және техникалық қызмет көрсетуге жазылу		✓	✓	✓	✓	✓	✓
ЖКО кезінде шұғыл қызметтерді шақыру		✓	✓	✓	✓	✓	✓
ПД ПБ-да эвакуацияланғ ан автоны іздеу		✓	✓	✓	✓	✓	✓
"Қазгидрометт ен" анықтама үсыну		✓	✓	✓	✓	✓	✓
Шиналарды маусымдық аудыстыруға арналған жазба				✓	✓		✓
Шиналарды маусымдық сақтау үшін орынды іздеуге көмек				✓	✓		✓
Авто жууға жазылу					✓		✓
Автосервистер ге жазылу (детейлинг, жылтырату, т. б.)					✓		✓

Жанар-жағармай құю станциясындағы жанар-жағармай бағасын таңдауға көмектесу						✓		✓
Масаң емес жүргізуші (max.7000 тг немесе 50 км.)								2 рет
Ауыстырылатын Автомобиль (3 күнге дейін)								1 рет
Пойыз/ұшақ билеттері								1 рет
Отелде/қонақ үйде тұру								1 рет
КАСКО							1 млн. тг. дейін	
Әрекет ету аймағы/ Қызмет көрсету аумағы	КР, қала	30 км	50 км	100 км				

2. Отын тасымалдау, Зақымдалған дәңгелекті ауыстыру, Автомобиль есігін ашу, Бұзылу және ЖКО кезінде эвакуациялау, телефон бойынша тәулік бойы техникалық кеңес беру қызметтерін көрсету, Телефон бойынша заңгерлік кеңес беру қызметтерін көрсету жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты қызметтер мен оқиғалар Автомобилдің қашықтығы Компанияның қызмет көрсету аумағынан аспаған жағдайда орындалады. Автомобиль 8.3-тармақта көрсетілген көрсетілген әрекет ету аймағынан / қызмет көрсету аумағынан тыс жерде болған кезде. Оферта шартының және / немесе әрбір оқиға бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір реттен артық орындаған кезде осы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Клиентке осы Оферта шартының 5.3-тармағында көрсетілген тәртіппен көрсетіледі. Өтініштер саны жазылым түріне байланысты.

3. Қосымшаның 1-тармағында көрсетілген Қызметтер бойынша шарттар мен ақпарат:

- Мультидрайв - Қызмет Автомобилге бекітіледі, қызметті осы көлік құралын басқаруға құқығы бар кез келген жүргізуші пайдалана алады (ерекшелік - Автомобилді ашу қызметі).
